**«Саусақ ұшындағы ақыл»**
**баланың ұсақ моторикасын дамытуға арналған әдістеме**

**Ұсақ моториканың дамуы.**

Ұсақ моториканың дамуы. Графикалық жаттығулар арқылы баланың қолын мектепке дайындау .

“Баланың ақылы оның саусағының ұшында “В.А.Сухомлинский Ұсақ моторика дегеніміз- бұл баланың қозғалысы,тілі,ақылы. Адам миының сөйлеуге және ұсақ қозғалысына жауап беретін аумағы өте жақын орналасқан.

Яғни моторикаға әсер ету арқылы біз сөйлеу әрекетінің белсенділігін арттырамыз. Ұсақ моторика баланың өсе келе киініп,шешінуіне, сурет салып,жазуына көмектеседі. * * Саусақ моторикасын не үшін дамыту керек?

Ұсақ саусақ моторикасының дамуы –бұл баланың психикалық дамуының көрсеткішінің бірі.Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін және баланың мектепке психологиялық дайындығын көрсетеді. Ұсақ моторика – танымдық процестердің негізі: зейіні, жады, қабылдау, ойлауы мен тілінің дамуы, кеңістікті бағдарлауы.

Ұсақ моторикасы дамымаған бала: Түзу сызық сыза алмайды (тігінен, көлденеңінен).Графикалық жаттығулар орындау қиындық келтіреді (сандар, геометриялық пішіндер).Сурет салғысы келмейді,илеу,жапсыру жұмыстарын жасамайды.Мектепте жай жазады,каллиграфиясы нашар. * Графикалық жаттығулар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ моторикасын дамытудың кезеңдері. Барлық топтарда ұсақ моториканы дамыту баланың қолын зерттеу мен ата-аналарға кеңес беруден басталады.

1 кезең. Дайындық . (II сәбилер тобынан басталады)Қарындашпен таныстыру;
2. «Жолдар» графикалық жаттығуы;
3. Жиектен шықпай бояу (алдымен геометриялық пішіндер беріледі, содан соң қарапайым заттардың сұлбасы) *

2 кезең. Қарындашпен жұмыс жасауға саусақты дағдыландыру (ортаңғы т
1. Графикалық жаттығулар қиындатылады:Жолдар ұзартылады , жолдардың түрі қиындатылады.Контурды көшіру , нүкте бойынша көшіру.Үлгімен жұмыс (жиектеу және қосымша парақ)
2. Геометриялық пішіндерді пайдалана отырып,қағаз бетін бағдарлау. * *

3 кезең. Шығармашылық (ересектер тобы)
1. Заттық ,одан әрі геометриялық пішіндерді пайдалана отырып сюжетті суреттер салу,сосын ойдан сурет салу .
2. Түрлі сызық түрлерімен таныстыру.

3. Қағаз бетін бағдарлай білуі және жолақты кең көз дәптермен таныстыру .

* 4 кезең. Қолды жазуға дайындық. Графикалық диктанттар.Түрлі қиын сызбалар.Қисық көз дәптермен таныстыру.Ілгекпен ,кірқыстырғыштармен жұмыс. * *

5. Таяқшалармен ойындар.

6. Баулармен жаттығу, моншақтармен жұмыс.

7. Симметрия әдісімен суретті аяқтау

Саусақ ойындары дамытады ептілік тілді Образды ойлауды икемділігін дыбыстық сөйлеу мәдениетін өз қозғалысын реттеуді

Шығармашылық белсенділігін ой-өрісін *

* Ата аналарға арналғанжадынама Трафарет,сызғыштар түрлі қарындаштар субояғыштар Әр түрлі форматты түрлі түсті қағаздар боямақтар\раскраски\ Қауіпсіз қайшылар

Ұсақ саусақ моторикасы дағдыларын бекітуге жасалатын жағдай

